

Қысқа мерзімді жоспар

Әдебиеттік оқу 38 -сабақ

Мектеп	76 жалпы орта білім беретін мектебі			
Бөлім	Сәулет өнері			
Педагогтің аты-жөні	Лдатова Ж			
Күні:	27. 12.2025ж			
Сынып:3	Қатысушылар саны:	Қатысушылар саны		
Сабақтың тақырыбы	№38 Нені үйрендім? БЖБ №1			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.2.2.1 қолдануға (практикалық), бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру 3.2.3.1 – шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу. 3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету			
Сабақтың мақсаты	Бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап береді Шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табады Көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзетеді			
Құндылықты дарыту	«Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін <u>Құндылық: әділдік және жауапкершілік</u>			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Созылып оңға бір. Созылып солға бір. Иіліп алдыға, Шалқаям артқа бір. <i>Отырармын ұзақтау.</i> Жаттығу қажет-ау. Өткен сабаққа шолу: -«Бақыт құсы» ертегісінен көкейіңе не түйдің? -Бақыт құсын қайтару үшін Әмзеге қандай кеңес бересің? -Құрсыз десең қандай мағыпа береді? -Қырау түсе бастаған кез деп қай кезді айтады? - М. Жұмабаевтың «Балалық шақ» өлеңін мәнерлеп оқындар. <i>Өлеңде ағаны не туралы айтқан?</i> -Нені өсиет етеді? -Адам өміріндегі білім алудың маңызын	Ширату жаттығуын жасайлы. Әріптерден сөз құрастырады. Тақырыпты ашады. Тақырыпқа қатысты сұрақтарға жауап береді.	Әр алған балдарын батапейканын бойына белгілеп отырады.	Презентация. АКТтақта, суреттер, үлестірмелі парақтар.

	<p>сен қалай түсінесің?</p> <p>- Әңгіме кейіпкеріне бақыт құсын қайтаруға көмектесу үшін жазған хатыңда ақынның қандай өсиетін пайдаландың?</p> <p>- Олай болса, бүгінгі сабағымызда «Уақыт» ортақ тақырыбынан не үйренгендеріңді анықтау үшін тапсырмалар орындаймыз.</p> <p>«Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңнен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін</p> <p><u>Құндылық: әділдік және жауапкершілік</u></p>			
Сабақтың ортасы 10 мин	<p>Топтық жұмыс</p> <p>ҚБ 1 тапсырма</p> <p>ОДД:білу,түсіну,қолдану</p> <p>- «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісімен орындалады.</p> <p>1. Адамның жас кезеңдеріне қатысты халық дәстүрлерін білесің бе? Кластер құрастыр. Осы дәстүрге сай оқыған шығарманды қосып, кластерді толықтыр.</p> <p>Шілдехана, тұсаукесер.</p> <p>2. Таңғы, түскі, кешкі ас туралы нақыл сөздерді есіңе түсір.</p> <p>Таңғы асты тастама.</p> <p>Түскі тамақ-күшті тамақ.</p> <p>Кешкі асқа қарама.</p> <p>3. Қақпаға үйіріле соғады, терезені қағады, көкті жабады деген тіркестерде не туралы айтылған?</p> <p>- жаңбыр</p> <p>- боран +</p> <p>- жел</p> <p>4. «Жас уақытта көңіл – гүл» деп кім айтқан?</p> <p>- М. Жұмабаев</p> <p>- А. Құнанбаев +</p> <p>- М. Дулатов</p> <p>5. «Бақыт құсы» деген тақырыпта өз ойыңды жаз.</p> <p><i>«Ең алдымен бақыт қасиет болады»</i> – басталуы.</p> <p>«Еңбекті ұнататын адамдарға үйір болады» – жалғасуы.</p> <p>«Бақыт құсымды ұшырмаймын» – аяқталуы.</p> <p>Әр адамның бақыт құсы болады. Тек оны ұшырып алмау керек. Ол үшін тынбай еңбек ету керек. Бақыт құсы еңбекті ұнататын адамдарға үйір болады. Еңбекқорлық бақытқа жетелейді. Менде еңбекқор болып бақыт құсымды ұшырмаймын.</p>	<p>Кластер құрады.</p> <p>Тапсырма орындайды.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Бағалау критерийі Өз ойы мен сезімін көркембейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізеді</p> <p>Дескриптор:-</p> <p>Кластер құрады. 2 балл</p> <p>Тапсырма орындайды. 2 балл</p> <p>Сұрақтарға жауап береді. 2 балл</p>	Оқулық

	ЕББҚ тапсырма -Адам өміріндегі уақыттың қадірін сен қалай түсінесің? -Уақытты қадірлеу туралы мақал-мәтелдер айт.		Сұрақтарға жауап береді.Мақал мәтел айтады.2 балл
5 мин	Сергіту сәті		Жарайсындар
20 мин	<p>«Уақыт» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау</p> <p>Мәтінді мұқият тыңда. Сұрақтарға жауап бер</p> <p>Екі бала көше бойындағы бағанада ілініп тұрған сағаттың қасында өңгімелесіп тұр.</p> <p>– Жакшалы өрнек болғандықтан есепті шығара алмадым, - деді Нұрлан.</p> <p>– Ал мен көп таңбалы сандарды дұрыс есептей алмадым,- деді Ораз.</p> <p>– Ең алдымен екеуден шығарып тастайық. Әлі уақытымыз бар ғой, - деді Нұрлан. Бұл кезде бағана басындағы сағат бір жарымды көрсетіп тұрған.</p> <p>– Әлі жарты сағат уақыт бар екен. Бұл уақытта ұшқыш жолаушыларды бір қаладан екінші қалаға жеткізе алады, - деді Ораз келіскенін білдіріп.</p> <p>– Ал менің капитан ағам жиырма минутта апатты кемедегі жолаушыларды қайыққа отырғызып үлгерген.</p> <p>– Жиырма минут дейсің бе? Кейде он минуттың өзінде оғаз шаруа тындыруға болады. Тек әр минутты ескеру керек, - деді Ораз маңғазданып.</p> <p>Осылайша балалар біраз қызықты оқиғаларды еске түсірді. Бір кезде Ораздың көзі сағатқа түсіп кетті. Тұп- тура екі болыпты.</p> <p>– Жүгірейік!- деді Ораз. – Біз сабаққа кешіктік!</p> <p>– Ал есеп ше? – деді Нұрлан сасқалақтап.</p> <p>❖ Балалардың сабаққа кешігуіне не себеп болды?</p> <p>❖ Ораз уақыт туралы қандай ой айтты?</p>	<p>мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді:</p> <p>1-сұрақ 2-сұрақ 3-сұрақ 4-сұрақ 1</p> <p>1 1 1</p> <p>берілген сұраққа қатысты көзқарасын айтады; 1 оқиғаның соңын мәтінмен жүйелі ті байланыстырады;</p> <p>оқиғаның мазмұнын берілген тақырыппен 1 сәйкестендіреді; тақырыпқа сәйкес қорытынды жасайды; 1 мақалды дұрыс табады.(екеуден кем емес) 1 сөйлеу барысында тіллік нормаларды 1 сақтайды.</p> <p>10</p>	

❖ Балалар өз уақытын бағалай алды ма?

❖ Уақытты бағалау дегенді қалай түсінесін?

2-тапсырма

Мәтіндегі оқиға қалай аяқталады деп ойлайсың? Балалардың әрекетін әрі қарай болжа.

✓ Белгіле. Берілген мақалдың қайсысы уақытқа байланысты айтылған.

Елу жылда ел жаңа.	
Оқу – инемен құдық қазғандай.	
Уақыт тас екеш тасты да тоздырады.	
Ұстазы жақсының ұстамы жақсы.	
Уақыттың бос өткені – өмірдің бос кеткені.	

Сабақтың соны 5 мин

Рефлексия «Күзгі тоғай»




Сұрақтарға жауап берелі.
Әр жұмысына алған жапырақтарын талдың бұтағына жабыстырып отырады. Сабақ соңында тақтатап апарып іледі.


ҚБ қойылады.

Қысқа мерзімді жоспар

Дүниетану 10-сабақ



Бөлім	Уақыт			
Педагогтің аты-жөні	Лдатова Ж			
Күні:	21.11.2024ж			
Сынып:3	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	№11 Спорт – денсаулық кепілі!			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.4.2 спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің бойындағы қабілеттерін анықтау			
Сабақтың мақсаты/Бағалау критерийі	Спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің бойындағы қабілеттерін анықтайды			
Құндылықты дарыту	«Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін			
	құндылық: әділдік және жауапкершілік			
Сабақтың кезең	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	<p>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру ширату жаттығуларымен өтеді.</p> <p>Созылып оңға бір. Созылып солға бір.</p> <p>Шалқаям артқа бір. Шалқаям артқа бір.</p> <p>Отырсаң ұзақтау, Жаттығу қажет бір.</p> <p>«Сұрақ-жауап» әдісі</p> <p>Отырсаң ұзақтау, жаттығу қажет бір.</p> <p>Отырсаң ұзақтау, жаттығу қажет бір. өттік?</p> <p>- Жеті аталарыңды атаңдар. - Ататекті, жеті атаны білу маңызын сен қалай түсінесің? Отырсаң ұзақтау, жаттығу қажет бір.</p> <p>Отырсаң ұзақтау, жаттығу қажет бір. атауға бола ма? -Туыс деген ұғымды қалай түсінесің? - Туысқандық байланысты анықтайтын атауларды ата.</p> <p>Жаңа тақырыпты ашу «Пазл» әдісі</p> <p>Сурет бөліктерін алып, топқа бірігіңдер, суретті құрастырыңдар. -Қандай сурет құрастырдыңдар? - Ол не үшін қажет? -Қандай спорт түлерін білесіңдер? Атаңдар. -Қандай спорттық жарыстарды атай</p>	Өткен тақырыпқа қатысты түсініктерін айтқанды.	Бағалау парақшасы. «Менің уақытым»	
			Жауабын толықтыру, тиімді кері байланыс жасау.	


	<p>аласыңдар? -Өздерің қандай спорттық секцияға қатысып жүрсіңдер? Не үшін қатысасыңдар? - Олай болса, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы болады деп ойлайсыңдар? Сабақ мақсаты жария етіледі. «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезінінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін <i>Қимдылық: әділдік және жауапкершілік.</i></p>			
<p>Сабақтың ортасы 15 мин</p>	<p>ФС 1-тапсырма Топтық жұмыс «Сен маған, мен саған» әдісі. ОДД:білу, түсіну, қолдану Нұсқау Мәтінмен жұмыс. Адамдардың спортпен айналысуының басты үш себебін ата. -Суреттерге қарап қысқы спорт түрлерін ата. Олардың жазғы спорт түрлерінен айырмашылығы неде? Сөздік жұмысы. Спорт-спорт-sport Спорттық сайыс-спортивные соревнования - sport competitions</p>  <p>ЕББҚ тапсырма - Адам өміріндегі спорттың маңызын сен қалай түсінетінін айтады</p>	<p>Сөздікті жазып алады. Суретті сипаттайды. спорт түрлерін атайды, салыстырады.</p>	<p>Бағалау критерийі: Спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің бойындағы қабілеттерін анықтайды Дескриптор: - Мәтінді оқиды -2 балл -Адамдардың спортпен айналысуының себебін атайды-1балл. Қысқы спорт түрлерін атайды-1балл. Қысқы, жазғы спорт түрлерін салыстырады-1балл.</p>	<p>Оқулық, Суреттер</p>
<p>5 мин</p>	<p>Сергіту сәті:</p>	<p>Сергіту жаттығуларын жасайды.</p>	<p>Жарайсыңдар!</p>	



15 мин	<p>ҚБ 2-тапсырма Жұптық жұмыс «Бізде бір ой бар...» әдісі. ОДД: білу, түсіну Нұсқаулық: -Сендер қандай спорт түрімен айналысасындар? -Ол спорт түрін таңдауларыңа не себеп болды? -Бұл спортқа келер алдында алдарыңа қандай мақсат қойдыңдар? -Сендерге Айжап мен Асқардың берген жауабы ұнады ма? Не себепті? Қорытынды жаса.</p>  <p>-Жерлестерімізден үлкен спортта жеңіске жеткен қандай спортшыларды таңдадың? -Спортшы туыстарыңды ата. Қандай жетістігін атай аласың? -</p> <p>ЕББҚ тапсырма Олимпиадалық ойынларда жеңіске жеткен қазақстандықтарды суретке карап атайды</p>	Сұрақтарға жауап беріп, қорытынды жасайды	Дескриптор: -Өзі айналысатын спорт түрін таңдау себебін атайды-1балл. Спортқа келу мақсатын атайды-1балл. Айжан мен Асқардың берген жауабын талдап, қорытынды жасайды-1балл. -Жерлес, туыс спортшыларды, жетістіктерін атайды-2балл. Сурет бойынша атайды 2 балл	Оқулық
Сабақтың соңы 5 мин	Рефлексия: «Спидометр» Оқу тапсырмасы: Мәтінді түсініп оқып, мектептегі спорт жарысына қатысушы оқушылардан, мұғалімдерден сұқбат алындар. Ол үшін алдымен сұрақтарды жүйелеп жазып алындар.	Кері байланыс жасайды. Оқу тапсырмасын жазып алады.	ҚБ қойылады	

Қысқа мерзімді жоспар

Жаратылыстану 11 -сабақ

Бөлім	Адам			
Педагогтің аты-жөні	Лдатова Ж			
Күні:	22 .11.2024ж			
Сынып:3	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Қанайналым жүйесі қалай жұмыс істейді?			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.2.3.4 қанайналым жүйесі мен оның адам ағзасындағы ролін сипаттау; 3.2.3.5 адам ағзасының ауру мен инфекциядан қорғану жолдарын түсіндіру			
Сабақтың мақсаты	Қанайналым жүйесі мен оның адам ағзасындағы ролін сипаттайды Адам ағзасының ауру мен инфекциядан қорғану жолдарын түсіндіреді			
Құндылықты дарыту	«Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін Құндылық: жасампаздық және жанашылдық			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы. 5 минут	<p>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру ширату жаттығуларымен өтеді.</p> <p>Созылып оңға бір, Созылып солға бір. Иіліп алдыға, Шалқаям артқа бір. Отырсаң ұақтау, Жаттығу қажет бір. Әуе шарлары сұрақтары.</p> <p>- Ас сілекеймен араласып,майдаланатын қуыс --- ауыз қуысы</p> <p>2.Жұтқыншақты асқазанмен байланыстыратын мүше---өңеш</p> <p>3.Ас қорыту мүшелерін ата----- ауыз қуысы, өңеш, асқазан, ашпшек, төңішек</p> <p>4.Тыныс алу мүшелерін ата.- мұрын, кеңірдек, ауатамырлар, сол жақ және оң жақ өкпе</p> <p>5.Ауадағы оттекті қанға сіңіретін мүше –өкпе Ал енді балалар біз тыныс алғанда оттегін сіңіреміз. Сол оттегі мүшелері қалай барады деп ойлайсындар? ---- Қан арқылы Қанның қызметі қандай екен? Қанайналым жүйесі дегеніміз не? Міне осы туралы мәліметтерді сендер өздерің оқып бізге</p>	<p>Ширату жаттығуларын орынлайлы.</p> <p>Мозаиканы жинайды. Сұраққа жауап береді. Тақырыпты шығарады.</p> 	<p>Бағалау: Термометр</p> <p>Әр алған балдың тұсын қызылмен бояп отырады.</p> 	<p>АКТ такта презентация, үлестірмелі парақтар.</p>
			<p>Дескриптор: - Тыныс алу жайлы сұраққа жауап береді- 2балл</p>	




	түсіндіріп бересіңдер.Сабак мақсаты жария етіледі.			
Сабақтың ортасы 15 мин	<p>Жаңа сабақ Топтық жұмыс Тыңдалым.Айтылым ҚБ 1-тапсырма ОДД: білу, түсіну «А» дәрумені Нұсқау: Мәтінмен жұмыс. Суретпен жұмыс. Сұрақтарға жауап бер. -Көбінесе жүректі моторға теңейді. Мұндай салыстыру қалай пайда болды? -Адам ағзасында жүрек қайда орналасқан? - Адамның жүрегі шамамен өзінің жұдырығының көлеміндей. Неліктен үлкен әрі, бойы биік адамның жүрегі бойы аласа аламның жүрегіне қарағанда үлкенірек болады?</p>  <p>Жүрек, көктамыр, куретамыр, қылтамыр.</p> <p>ЕББҚ тапсырма - Қанайналым мүшелерін шынықтыру жолдарын қарастырады,суретін салады.</p>	-Сөздікті жаттайды. Сұрақтарға жауап береді.	<p>Бағалау критерийі Қанайналым жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттайды - Дескриптор: - Қанайналым жүйесі мүшелерін атайды-2балл. Күретамырдың ағзадағы орнын анықтап, сипаттайды - 2балл. Көктамырдың ағзадағы орнын анықтап, сипаттайды - 1балл. Қылтамырдың ағзадағы орнын анықтап, сипаттайды -1 балл.</p> <p>Қан айналым мүшелерін айтады,суретін салады .2 балл</p>	Оқулық
5 мин	Сергіту сәтін	Би қимылын жасайды.	Жарайсыңдар!	
15 мин	<p>ҚБ 2-тапсырма Топтық жұмыс ОДД: білу, түсіну «Бақылау» әдісімен жүзеге асырылады. Нұсқау: Зертте. Тамырдың соғуын сана. Ермексаз, ши,стикер пайдаланып, тамыр соғысын байқайтын құрал жаса. Денеге күш түскенде тамырдың соғысы қалай өзгереді?</p>	-Зерттеу жұмысын жоспарлайды. Суретпен жұмыс жасайды.	<p>Бағалау критерийі Адам ағзасының ауру мен инфекциядан қорғану жолдарын түсіндіреді - Дескриптор: - Қан айналым мүшелері ағзамызда қайда</p>	Суреттер

	 <p>Сен білесің бе? ?) Сен білесің бе? 17 ғасырда атақты ағылшын дәрігері, ғалым Уильям Гарвей (1578 - 1657) жаңалық ашты. Ол ағзадағы қан түйіні шеңбер бойымен қозғалатынын дәлелдеді.</p> <p>Ойлан. -Жүрегі тас төбесіне шықты деген нені білдіреді? ЕББҚ тапсырма Мәтінді оқиды.</p>		<p>орналасқанын айтады-10балл. - Жүрегі тас төбесіне шықты деген тіркес қатты уайымдады» дегенді білдіретінін айтады-1балл.</p> <p>Мәтінді оқиды. 1балл</p>
<p>Сабақтың соңы 5 мин</p>	<p>Кері байланыс</p>  <p>Оқу тапсырмасы. Мәтінді түсініп оқу.</p>	<p>Түсінігемі туралы ой қорытады. Тапсырманы жазып алады.</p>	<p>ҚБ қойылады.</p>


Қысқа мерзімді жоспар

Математика 54 -сабақ

Мектеп	№76 жалпы орта білім беретін мектебі			
Бөлім	Уақыт			
Педагогтің аты-жөні	Лдатова Ж			
Күні:	21.11.2024ж			
Сынып:3	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	№54 Симметриялы және симметриялы емес жазық фигуралар			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.3.1.1 шеңбер мен дөңгелекті, олардың элементтерін (центр, радиус, диаметр) бір бірінен ажырату және атау/ симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды айыра білу және оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру 3.3.2.1 нүктелі қағазда параллель және қиылысатын түзулер сызу; нүктелі қағазда қиылысатын геометриялық жазық фигураларды сызу, олардың қиылысу және бірігу аумағын табу			
Сабақтың мақсаты	Шеңбер мен дөңгелекті, олардың элементтерін (центр, радиус, диаметр) бір бірінен ажырату және атау/ симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды айыра білу және оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіреді Нүктелі қағазда параллель және қиылысатын түзулер сызу; нүктелі қағазда қиылысатын геометриялық жазық фигураларды сызу, олардың қиылысу және бірігу аумағын табады			
Құндылықтарды дарыту	«Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін Құндылық: әділдік және жауапкершілік			
Сабақтың барысы	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың кезек уақыты				
Сабақтың басы 5 минут	Психологиялық дайындық <i>Мейірімді жүрекпен</i> Ақ пейілді тілекпен Амандасып алайық Бір жадыран қалайық Оқу материалын жариялау -Көбелектерде жазылған тапсырмаларды орындандар. Шеңбер деген не? - Дөңгелек деген не? - Шеңбер мен дөңгелектің айырмашылықтары қандай? - Шеңбердің радиусын қалай	Шырағат жаттығуларын жасайды. -Сұрақтарға жауап береді. -Тақырыпты ашады.	ҚБ 1-10 бағдык жүйе Фишкамен бағалап отырамын. Ор балға 1 фишка 	Слайд

	<p>анықтаймыз? - Шеңбердің диаметрін ше?</p> <p>-Суреттерді қараңдар. Ою-өрнектерден қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсың? Егер әр суретті тең екіге бөлетін болсаң, онда әр бөлігі туралы не айтуға болады?</p> <p>Қағаздан қиып алынған дөңгелек, шаршы және тіктөртбұрышты тең екі бөлікке бөкте. Жарты бөліктері туралы не айтуға болады?</p>  <p>Симметриялы фигуралар</p> <p>Бүктеу сызығы фигураны тең екі бөлікке бөледі.</p> <p>Егер түзу сызық фигураны тең екі бөлікке бөлсе, бұл фигура түзуге қатысты симметриялы деп аталады. Фигураны тең бөліс- терге бөлетін түзу – симметрия осі деп аталады.</p> <p>- Әлі бүгінгі сабағымызда симметриялы және симметриялы емес фигураларды ажыратуды үйренеміз.</p> <p>Оқу мақсаты жарияланады «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін</p> <p>Құндылық: әділдік және жауапкершілік</p>			
<p>Сабақтың ортасы 10 мин</p>	<p>ФС 2,3 - тапсырма ҰА</p> <p>ОДД: білу, түсіну, қолдану</p> <p>Оқулықпен жұмыс</p> <p>Нұсқау Симметриялы фигураларды және ою-өрнектерді ата. Кез келген фигураны ал. Бүктеу арқылы олардың симметрия осін тап</p>  <p>3) Дәптеріне симметриялы фигураларды аяқтап сал.</p>  <p>ЕБҚО тапсырма -Симметриялы басқа да фигуралар салады.</p>	<p>Сандардың квадратын тауып, монумент атауын анықтайды. Санжардың текшелерінің санын анықтайды. Тапсырма орындайды.</p>	<p>Бағалау критерийі</p> <p>Элементтерін (центр, радиус, диаметр) бір бірінен ажырату және атау/ симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды айыра білу және оларды қоршаған орталағы заттармен сәйкестендіреді</p> <p>Дескриптор: Симметриялы фигураларды және ою-өрнектерді атайды-1балл.</p>	<p>Оқулық дәптер</p>

			Кез келген фигураны бүктеу арқылы фигуралардың симметрия осін табады-1балл. Дәптерге симметриялы фигураларды аяқтап салады-1балл.	
5 мин	Сергіту сәті	Балалар бірге орындайды	Жарайсындар	
10 мин	<p>4 тапсырма Топтық жұмыс. «Мен білемін» әдісі ОДД: білу, түсіну, қолдану Тұсқау Есептерді шығар.</p> <p>1 топ Ою-өрнек жасау үшін 9 метрлік 5 бума тоқымабау және тағы 20 метр тоқымабау сатып алынды. Барлығы қанша метр тоқымабау сатып алынды? Ш: $9 \cdot 5 + 20 = 65$ Ж: Барлығы 65 метр тоқымабау сатып алынды.</p> <p>2 топ Бір бумада 186 ою-өрнек, ал екіншісінде одан 75-і артық ою-өрнек бар. Екі бумада барлығы қанша ою-өрнек бар? Ш: $186 + (186 + 75) = 447$ Ж: Екі бумада барлығы 447 ою-өрнек бар.</p> <p>3 топ Бір шеберханада 12 тігінші бар, бұл екінші шеберханадағы тігіншілер санынан 9-ы кем. Екі шеберханада барлығы қанша тігінші бар? Ш: $12 + (12 + 9) = 33$ Ж: Екі шеберханада барлығы 33 тігінші бар.</p> <p>ЕБҚО тапсырма Есептің шешуін табады</p>	Есептің шартын жазады, шешуін, жауабын табады.	<p>Бағалау критерийі Нүктелі қағазда параллель және қиылысатын түзулер сызу; нүктелі қағазда қиылысатын геометриялық жазық фигураларды сызу, олардың қиылысу және бірігу аумағын табады.</p> <p>Дескриптор: Есептердің шартын дұрыс жазады-1балл. Шешуін дұрыс есептейді-1 балл. Жауабын дұрыс тауып жазады-1балл.</p> <p>Есептің шешуін табады.1балл</p>	Оқулық


10 мин	<p>ҚБ 5 тапсырма Жеке жұмыс. «Мен білемін» әдісі ОДД: білу, түсіну, қолдану Нұсқау: Теңдеулерді шеш. 32:b=64:8 380-b=330-175 32:b=8 380-b=155 b =32:8 b =380-155 b =4 b =225 y:4=49:7 m+32=185-143</p>	Теңдеулерді шешеді Жауабын тексереді	<p>Дескриптор: - Теңдеулерді шешеді-2 балл. Жауабын тексереді -2балл.</p>	Оқулық
Сабақтың соңы 5 мин	<p>Үйге тапсырма 6 мысал</p> <p>Рефлексия: «Күн шапағы» әдісі бойынша өтеді.</p> 	Жинаған балдарын санайды. Көңіл күйлерін бәйтерек қабаттары арқылы анықталады.	ҚБ қойыла-ды.	



Қысқа мерзімді жоспар

Математика 55 -сабақ


Мектеп	№76 жалпы орта білім беретін мектебі	
Бөлім	Уақыт	
Педагогтің аты-жөні	Лдатова Ж	
Күні:	22.11.2024ж	
Сынып:3	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	№55 Тіктөртбұрыш пен шаршының ауданын табу	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.3.1.3 тік бұрышты үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш ауданы формуласын: $S = (a \cdot b) : 2$, $S = a^2$, $S = a \cdot b$ шығарып алу және қолдану $(a \cdot b) : 2$, $S = a^2$, $S = a \cdot b$ шығарып алу және қолдану 3.5.2.3 бұрыштарды, көп бұрыштарды латын алфавитінің бас әріптерімен белгілеу, оларды белгіленуі бойынша оқу	
Сабақтың мақсаты	Тік бұрышты үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш ауданы формуласын: $S = (a \cdot b) : 2$, $S = a^2$, $S = a \cdot b$ шығарып алу және қолдану $(a \cdot b) : 2$, $S = a^2$, $S = a \cdot b$ шығарып алу және қолданады Бұрыштарды, көп бұрыштарды латын алфавитінің бас әріптерімен белгілеу, оларды белгіленуі бойынша оқиды	
Құндылықтарды дарыту	«Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңнен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін Құндылық: әділдік және жауапкершілік	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі және уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	<p>Психологиялық дайындық</p> <p>Мейірімді жүрекпен Ақ пейілді тілекпен Амандасып алайық Бір жадырап қалайық Оқу материалын жариялау</p> <p>-«Миға шабуыл» әдісі -Біздің қолымыздағы не? Атағандар. - Олардың қабырғаларын көрсетіңдер. Саны нешеу? - Олардың төбелерін көрсетіңдер. Саны нешеу? -Біз олардың периметрін қалай есептеуші едік? -Ал ауданын қалай есептеуші едік? -Ал ата бабаларымыз ауданды қалай есептеген? -Ендеше бүгінгі сабағымызда</p>	<p>Ширату жаттығуларын жасайды. -Сұрақтарға жауап береді. -Тақырыпты ашады.</p>	<p>ҚБ 1-10 балдық жүйе</p> <p>Фишкамен бағалап отырамын. Әр балға 1 фишка</p> 	Слайд

	<p>тік төртбұрыштың, шаршының ауданын табуға арналған тапсырмалар орындайтын бадамыз</p> <p>1. Ертеде көшпелі халық киіз үйдің, егістік, жайылым және шабындық жерлердің ауданын жиі өлшеген. Олар мынадай өлшеу тұлғаларын қолданған: алақанлай – алақаның ауданындай, үйдің орнындай – киіз үй орнының ауданындай. Бір парақ қағаздың (партияның, орындықтың) ауданын алақаныңмен өлшеп көр.</p>  <p>«Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезінінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін</p> <p>Құндылық: әділдік және жауапкершілік</p>			
<p>Сабақтың ортасы 10 мин</p>	<p>ФС 2,3 - тапсырма Ұж ОДД: білу, түсіну, қолдану Оқулықпен жұмыс Нұсқау Фигураның ауданын төркөз бойынша қалай табу керектігін есіңе түсің</p>  <p>Қатар бойынша сана. Шаршыла қанша қатар бар? Әрбір қатарда қанша төркөз бар? Шаршының ауданы қаншаға тең?</p> <p>Шаршының қабырғаларын сантиметрмен өлшеп, оның ауданын тап. Қорытынды жаса. <i>Шаршының ауданын табу үшін, қабырғасының ұзындығын өзіне көбейтеміз немесе бір қабырғасының квадратын табамыз. $S=a \cdot a=a^2$</i></p> <p>Ережені толықтыр. <i>Тіктөртбұрыштың ауданын табу үшін, ұзындығын еніне көбейтеміз.</i> $S=a \cdot b$</p> <p>Ауданның өлшем бірліктері. $1 \text{ дм}^2 = 100 \text{ см}^2$ $1 \text{ м}^2 = 100 \text{ дм}^2$</p> <p>Тіктөртбұрыштың, шаршының ауданы</p>	<p>Фигураның ауданын төркөз бойынша табады. Шаршының қабырғаларын өлшеп, ауданын табады. Қорытынды жасайды. Тіктөртбұрыштың ауданын тауып, қорытынды жасайды.</p>	<p>Бағалау критерийі Тік бұрышты үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш ауданы формуласын: $S=(a \cdot b):2$, $S=a^2$, $S=a \cdot b$ шығарып алу және қолдану $(a \cdot b):2$, $S=a^2$, $S=a \cdot b$ шығарып алу және қолданады</p> <p>Дескриптор: Фигураның ауданын төркөз бойынша табады-1балл. Шаршының қабырғаларын өлшеп, ауданын табады. 1 балл Қорытынды жасайды-1балл. Тіктөртбұрыштың ауданын тауып, қорытынды жасайды-1балл.</p>	<p>Оқулық дәптер</p>

5 мин	Сергіту сәті	Балалар бірге орындайды	Жарайсындар	
10 мин	<p>4,7 тапсырма Топтық жұмыс. «Мен білемін» әдісі</p> <p>ОДД: білу, түсіну, қолдану</p> <p>Нұсқау</p> <p>1 топ Тіктөртбұрыштың қабырғаларын өлше. Олардың ауданын әртүрлі тәсілмен тап:</p> <p>А) ұзындығын еніне көбейт;</p> <p>Ә) енін ұзындығын көбейт.</p> <p>Жауаптарын салыстыр. Қорытынды жаса.</p> $S=a*b=b*a$ <p>2 топ Есептерді шығар.</p> <p>Жылыжайда тіктөртбұрыш және шаршы пішінді атыздар жасалды.</p> <p>3 топ Жылыжайдағы тіктөртбұрыш пішінді атыздың ұзындығы 6м, ені 4м. Ал шаршы пішінді атыздың ұзындығы 5м. Қай атыздың ауданы үлкен және қаншаға үлкен?</p> $S=6m*4m=24m^2 \quad S=5m*5m=25m^2$ $24m^2 < 25m^2 \quad 25m^2 - 24m^2 = 1m^2$ <p>Ж: шаршы пішінді атыздың ауданы үлкен және 1м² үлкен.</p>	<p>Есептің шартын жазады, шешуін, жауабын табады.</p> <p>Атыздардың ауданын табады.</p> <p>Атыздардың аудандарын салыстырады</p> <p>Ауданы үлкен атызды анықтайды.</p> <p>Өрнектерді салыстырады</p>	<p>Дескриптор:</p> <p>Тіктөртбұрыштың қабырғаларын өлшеп, ауданын әртүрлі тәсілмен табады -1 балл.</p> <p>Атыздардың ауданын есептейді-1балл.</p> <p>Атыздардың аудандарын салыстырады-1балл.</p> <p>Ауданы үлкен атызды анықтайды-1балл.</p>	Оқулық
10 мин	<p>ҚБ 5,8 тапсырма Жұптық жұмыс. «Ойлан, жұптас талқыла» әдісі</p> <p>ОДД: білу, түсіну, қолдану</p> <p>Нұсқау: Ауданның өлшем бірліктерінің кестесін пайдалан. Көрсетілген өлшем бірліктеріне өрнекте.</p> $6дм^2=600см^2 \quad 3м^2=300дм^2$ $5м^2=500см^2 \quad 6м^2=600дм^2$ $3дм^2=300см^2 \quad 5м^2=500дм^2$ <p>Өрнектерді салыстыр.</p> $450-50 > 450-400 \quad 678-a < 786-a$ $1000-400 < 1000-6 \quad 120+90 > 340-50$ <p>ЕББҚ тапсырма</p> $6м^2=600дм^2$ $3дм^2=300см^2 \quad 5м^2=500дм^2$ <p>Өлшем бірлігін табады</p>	<p>Теңдеулерді шешеді</p> <p>Жауабын тексереді</p>	<p>Дескриптор:</p> <p>Ауданның өлшем бірліктерінің кестесін пайдаланып, көрсетілген өлшем бірліктеріне өрнектейді -2 балл.</p> <p>Өлшем бірліктерін табады 1 балл</p>	Оқулық
Сабақтың соңы 5 мин	<p>Үйге тапсырма 6 мысал</p> <p>Рефлексия: «Күн шапағы» әдісі бойынша өтеді.</p>	<p>Жинаған балдарын санайды. Көңіл күйлерін</p>	ҚБ қойыла-ды.	


		бәйтерек қабаттары арқылы анықталады.		
--	---	--	--	--

Қысқа мерзімді жоспар


Математика 56 -сабақ


Мектеп	№76 жалпы орта білім беретін мектебі	
Бөлім	Сәулет	
Педагогтің аты-жөні	Лдатова Ж	
Күні:	25.11.2024ж	
Сынып:3	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	№56 Тіктөртбұрыш пен шаршының ауданын табу	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.3.1.3 тік бұрышты үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш ауданы формуласын: $S = (a \cdot b) : 2$, $S = a^2$, $S = a \cdot b$ шығарып алу және қолдану $(a \cdot b) : 2$, $S = a^2$, $S = a \cdot b$ шығарып алу және қолдану 3.5.2.3 бұрыштарды, көп бұрыштарды латын алфавитінің бас әріптерімен белгілеу, оларды белгіленуі бойынша оқу	
Сабақтың мақсаты	Тік бұрышты үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш ауданы формуласын: $S = (a \cdot b) : 2$, $S = a^2$, $S = a \cdot b$ шығарып алу және қолдану $(a \cdot b) : 2$, $S = a^2$, $S = a \cdot b$ шығарып алу және қолданады Бұрыштарды, көп бұрыштарды латын алфавитінің бас әріптерімен белгілеу, оларды белгіленуі бойынша оқиды	
Құндылықтарды дарыту	«Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезінінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін Құндылық: әділдік және жауапкершілік	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	<p>Психологиялық ахуал.</p> <p>Бәріміз бір топпыз, Жалқаулыққа жоқпыз. Аянбай еңбек етеміз, Мұратымызға жетеміз. Өткен білімді қайталау Жаңа тақырыпты ашу.</p> <p>Өткен білімді пайдаланып жасырынған сөзді табыл.</p> <p>«Квест» ойыны</p> <p>-Дұрыс таптыңдар, балалар. -Бүгін біз аудан тауып үйренеміз. «Ой қозғау»</p> <p><i>Аудан деген не?</i></p> <p>-Ненің ауданын табуға болады? -Дұрыс айтасындар. Әр түрлі заттардың. Яғни фигуралардың ауданын табамыз. -Бүгін біз тіктөртбұрыш пен шаршының ауданын тауып үйренеміз.</p>	<p>Ойын ойнап, өткен тақырыпты естеріңе алады</p> <p>Сергіп көңіл-күйлері көтеріледі.</p> <p>Тақырыпты ашу мақсатында тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Тақырыпты табады.</p> <p>Мұғалімнің</p>	<p>ҚБ 1-10 балдық жүйе</p> <p>Фишкамен бағалап отырамын. Әр балға 1 фишка</p> 	Слайд

	<p>-Ондай болса, экранға назар аударындар. Бейне ролик арқылы сабақты түсіндіру</p> <p>Шаршының ауданын табу үшін, екі қабырғасын көбейтеміз. $S = a * a = a^2$</p> <p>Ауданның өлшем бірліктері</p> <p>$1 \text{ дм}^2 = 100 \text{ см}^2$</p> <p>$1 \frac{1}{\text{м}}^2 = 100 \frac{1}{\text{дм}}^2$</p> <p>-Ал басқа халықтар ауданды қалай есептеген?</p> <p>-Бір парақ қағаз және бір түйме алып, түймені пайдалану арқылы қағаз парағының ауданын шамамен өлше. Ендеше бүгінгі сабағымызда тіктөртбұрыштың, шаршының ауданын табуға арналған тапсырмалар орындайтын боламыз. «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін</p> <p><u>Құндылық: әділдік және жауапкершілік</u></p>	<p>нұсқаулығымен тапсырмаларды орындайды.</p> <p>-Бейнероликті мұқият тыңдап, мұғалімнің тапсырмаларын орындап, сабаққа белсенділік танытады..</p>														
<p>Сабақтың ортасы 10 мин</p>	<p>ФЦ 2,3 - тапсырма ҰЖ</p> <p>ОДД: білу, түсіну, қолдану</p> <p>Оқулықпен жұмыс «Майнкрафт» әдісі</p> <p>Нұсқау Тіктөртбұрыштың периметрі мен ауданын есепте</p> <p>$S = 8 \text{ см} * 9 \text{ см} = 72 \text{ см}^2$</p> <p>$P = (8 + 9) * 2 = 34 \text{ см}$</p> <p>$S = 7 \text{ см} * 6 \text{ см} = 42 \text{ см}^2$</p> <p>$P = (7 + 6) * 2 = 26 \text{ см}$</p> <p>$S = x \text{ см} * b \text{ см} = u \text{ см}^2$</p> <p>$P = (x + b) * 2 = f \text{ см}$</p> <p>Тіктөртбұрыштың белгісіз қабырғасын тап.</p> <p>$40 \text{ см}^2 : 8 \text{ см} = 5 \text{ см}$</p> <p>$63 \text{ см}^2 : 7 \text{ см} = 9 \text{ см}$</p> <p>Тіктөртбұрыштың белгісіз қабырғасын тап.</p> <table border="1" data-bbox="422 1617 836 1701"> <thead> <tr> <th></th> <th>Ұзындығы</th> <th>Ені</th> <th>S</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1-фигура</td> <td>8 см</td> <td>? см</td> <td>40 см²</td> </tr> <tr> <td>2-фигура</td> <td>? см</td> <td>7 см</td> <td>63 см²</td> </tr> </tbody> </table> <p>Ауданның өлшем бірліктерінің кестесін пайдаланып салыстыр.</p> <p>$3 \text{ см}^2 < 3 \text{ дм}^2$ $5 \text{ м}^2 > 5 \text{ см}^2$</p> <p>$9 \text{ дм}^2 = 900 \text{ см}^2$ $10 \text{ дм}^2 > 100 \text{ см}^2$</p> <p>$5 \text{ м}^2 = 500 \text{ дм}^2$ $200 \text{ дм}^2 = 2 \text{ м}^2$</p>		Ұзындығы	Ені	S	1-фигура	8 см	? см	40 см ²	2-фигура	? см	7 см	63 см ²	<p>Фигуралардың қабырғаларын өлшеп, периметрі мен ауданын табады</p>	<p>Бағалау критерийі Тік бұрышты үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш ауданы шығарып алу және қолданады</p> <p>Дескриптор: - Фигуралардың қабырғаларын өлшеп, периметрі мен ауданын табады. 2 балл</p>	<p>Оқулық дәптер</p>
	Ұзындығы	Ені	S													
1-фигура	8 см	? см	40 см ²													
2-фигура	? см	7 см	63 см ²													

	$9\text{м}^2 = 900\text{дм}^2$ $100\text{см}^2 < 100\text{дм}^2$ ЕБҚО тапсырма Тіктөртбұрыш пен шаршының сызбасын сызады. $9\text{м}^2 > 90\text{дм}^2$ салыстырады.		Фигураларды сызалаы .1 балл Есепті салыстырады. 1балл	
5 мин	Сергіту сәті. Қызығушылығын ояту Ертеде қолмені қолдан қыя үйдің, егістік, жайылым және шабындық жерлердің ауданын жиі өлшеген. Олар мынадай өлшеу түрлерін қолданған: алақандай – алақанның ауданындай, үйдің орнындай – күіз үй орнының ауданындай.		Жарайсындар	
10 мин	4,7 тапсырма Жұптық жұмыс. «Мен білемін» әдісі ОДД: білу, түсіну, қолдану тапсырма 1 жұп Фигуралардың қабырғаларын өлшеп, периметрі мен ауданын тап. $P = 2\text{см} * 4 = 8\text{см}$ $S = 2\text{см} * 2\text{см} = 4\text{см}^2$ $P = (2\text{см} + 4\text{см}) * 2 = 12\text{см}$ $S = 2\text{см} * 4\text{см} = 8\text{см}^2$ 2 жұп Фигуралардың боялған бөліктерінің ауданын тап. $4\text{см}^2 : 2 = 2\text{см}^2$ $8\text{см}^2 : 2 = 4\text{см}^2$ Есептерді шығар. 3 жұп $S = 7\text{м} * 7\text{м} = 49\text{м}^2$ $S = 5\text{м} * 3\text{м} = 15\text{м}^2$ $49\text{м}^2 - 15\text{м}^2 = 34\text{м}^2$ Ж: Тіктөртбұрыш пішінді алаңның ауданы 49м^2 және 34м^2 артық. 4 жұп $18\text{м}^2 = 2\text{м} * 9\text{м}$ $18\text{м}^2 = 3\text{м} * 6\text{м}$ $18\text{м}^2 = 1\text{м} * 18$ ЕББҚ тапсырма $S = 2\text{см} * 2\text{см} = 4\text{см}^2$ ауданын табады	Боялған бөліктің ауданын табады. Боялмаған бөліктің ауданын табады.	Дескриптор: Фигуралардың боялған бөліктерінің ауданын табады 2 балл	Оқулық
			Шаршының ауданын табады. 1 балл	

10 мин	<p>ҚБ 5 тапсырма Топтық жұмыс. «Су-ли-фа» әдісі ОДД: білу, түсіну, қолдану Нұсқау: Әрбір суретке дұрыс жауапты жаз.</p> <p>1 топ 1) тіктөртбұрыштың барлық ауданы-36м²; 2) боялған бөліктің ауданы-4м² 3) боялмаған бөліктің ауданы-32м² 2 топ 1) тіктөртбұрыштың барлық ауданы-36м²; 2) боялған бөліктің ауданы-6м² 3) боялмаған бөліктің ауданы-30м² 3 топ 1) тіктөртбұрыштың барлық ауданы-36м²; 2) боялған бөліктің ауданы-12м² 3) боялмаған бөліктің ауданы-24м²</p>	<p>Фигуралардың қабырғаларын өлшеп, периметрі мен ауданын табады.</p>	<p>Бағалау критерийі Бұрыштарды, көп бұрыштарды латын алфавитінің бас әріптерімен белгілеу, оларды белгіленуі бойынша оқиды - Дескриптор: Тіктөртбұрыштың барлық ауданын табады.2 балл - Боялған бөліктің ауданын табады.2 балл Боялмаған бөліктің ауданын табады.2 балл</p>	Оқулық
<p>Сабактың соны</p> <p>5-мин</p>	<p>Үйге тапсырма 6 мысал</p> <p>Рефлексия «Хүн шароғы» әдісі</p> <p>бойынша өтеді.</p> 	<p>Жинаған балдарын санайды.</p>	<p>ҚБ қойыла-ды.</p>	